Life's Good

Пайдаланушы НҰСҚАУЛЫҒЫ

LG сандық сәйкестендірілген жинағы

(МОНИТОР СӘЙКЕСТЕНДІРІЛГЕН ЖИНАҒЫ)

Жинақты іске қоспас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, кейін анықтама ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

55LV75A
55LV77A

www.lg.com

Авторлық құқық © 2018 LG Electronics Inc. Барлық құқығы қорғалған.

ҚАЗАҚША

МАЗМҰНЫ

4 ЛИЦЕНЗИЯЛАР

5 ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

5 Қосалқы құралдар
6 Бөліктер
7 Жылжыту тұтқалары
7 Орнату алдында L пішінді қапсырмаларды алып тастау
8 ПАНЕЛЬДІ ҚОРҒАУ ҮШІН САҚТАУ ӘДІСІ
8 - Дұрыс әдіс
8 - Дұрыс емес әдіс
9 Қабырғаға орнату
11 СЫРТҚЫ ЖАБДЫҚТЫ ОРНАТУ
11 - ИҚ қабылдағыш
12 Дисплейлерді қатарластыру
12 - Құрылғыны орнату
13 - Құралдарды қосу жолы

14 ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

16 Енгізу портына жалғанған құрылғының атауын көрсету

17 МОНИТОРДЫ ПАЙДАЛАНУ

17 Компьютерге жалғау
17 - RGB байланысы
18 - DVI байланысы
18 - HDMI байланысы
19 - Display Port қосылымы
19 - ИҚ қабылдағыш байланысы
20 Экранды реттеу
20 - Сурет режимін таңдау
20 - Кескін параметрлерін теңшеу
21 - Компьютердің дисплей параметрлерін реттейді.
22 Қосымша параметрлерді пайдалану
22 - Пропорцияларды реттеу
24 - Кіріс тізімін пайдалану

25 ОЙЫН-САУЫҚ

25 - Сымды желіге қосылу
26 - Желі күйі
27 - USB сақтау құрылғыларын қосу
28 - Файлдарды шолу
30 - Фильмдер көру
33 - Фотосуреттерді қарау
36 - Музыка тыңдау
38 - Мазмұндар тізімін қарап шығу
39 - DivX® VOD нұсқаулығы
40 - PIP/PBP мүмкіндігін пайдалану

41 ПАРАМЕТРЛЕРДІ РЕТТЕУ

41 Негізгі мәзірлерге кіру
42 - СУРЕТ параметрлері
45 - ДЫБЫС параметрлері
46 - УАҚЫТ параметрлері
47 - ПАРАМЕТР параметрлері
52 Сурет Идентификаторы
53 - ЖЕЛІ параметрлері

54 БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

55 Сыртқы құрылғыны қосу
55 - DVI байланысы
55 - HDMI байланысы
56 - Component байланысы
56 - AV қосылымы (CVBS)
57 - Аудио байланысы
57 LAN желісіне қосылу
57 USB-ге қосу
58 Тізбекпен жалғанған мониторлар
59 - Multi Display Mode (Көп дисплейлі режим) функциясын пайдалану

60 АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

62 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАРЫ

66 ИҚ КОДТАРЫ

67 RS-232C ПРОТОКОЛЫН БАСҚАРУ

67 Кабельді жалғау
67 RS-232C конфигурациялары
67 Байланыс параметрі
68 Пәрмендердің анықтамалық тізімі
70 Тасымалдау / қабылдау протоколы

ЛИЦЕНЗИЯЛАР

Қолдау көрсетілетін лицензиялар үлгілерге қарай өзгеше болуы мүмкін. Лицензиялар туралы қосымша ақпаратты *www.lg.com.* торабынан қараңыз.



The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing Administrator, Inc. in the United States and other countries.



This DivX Certified® device has passed rigorous testing to ensure it plays DivX® video.

To play purchased DivX movies, first register your device at *vod.divx.com*. Find your registration code in the DivX VOD section of your device setup menu.

DivX Certified® to play DivX® video up to HD 1080p, including premium content.

DivX®, DivX Certified® and associated logos are trademarks of DivX, LLC and are used under license.

Covered by DivX Patents 7,295,673; 7,515,710; RE45,052; and others available at [*www.divx.com/patents*]

Dolby Laboratories-тің рұқсатымен өндірілген бағдарлама өнімдері үшін керек. Dolby, Dolby Vision, Dolby Audio, Dolby Atmos және қос-D Dolby Laboratories-тің тіркелген сауда белгісі.

ЕСКЕРТПЕ

- Жылжытқаннан немесе орнату орнын өзгерткеннін зақымдалған өнім кепілдікке жатпайд.
- Кепілдік өнімді аса шаңды ортада пайдаланудан туындаған қандай да бір зияндарды қамтымайды.


ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

Қосалқы құралдар


Өнімнің қорабында төмендегі заттардың бар екенін тексеріңіз. Кейбір қосалқы құралдары жетіспесе, өнімді сатқан жергілікті дилерге хабарласыңыз. Бұл нұсқаулықтағы суреттер нақты өнімнен және қосалқы құралдардан басқаша болуы мүмкін.




Ықшам диск (Пайдаланушы нұсқаулығы) / Карта




Қуат сымы




ИҚ қабылдағыш




RS-232C кабелі




DP кабелі



Қысқа тік мозаикалық бағыттағыш (4 дана)




Қашықтан басқару құралы және батареялар



M4 x L6 бұранда (8 дана)



M6 x L10 бұранда (4 дана)



Құрастыру кабелінің түйіні (2 дана) (Кабель реттеуі үшін)


АБАЙЛАҢЫЗ

- Қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, өнімнің жұмыс мерзімін арттыру үшін, мақұлданбаған өнімдерді пайдаланбаңыз.
- Мақұлданбаған өнімдерді пайдаланудан туындаған зақымдар немесе залал кепілдікке кірмейді.

ЕСКЕРТПЕ


- Өніммен бірге берілген қосалқы құралдар үлгіге байланысты өзгеріп отырады.
- Өнімнің техникалық сипаттамалары немесе осы нұсқаулықтағы мазмұн өнім функцияларының жаңартылуына байланысты алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.
- SuperSign бағдарламалық құралы мен нұсқаулық
  - LG Electronics веб-сайтынан жүктеп алу.
  - LG Electronics веб-сайтына кіріп (*http://partner.lge.com*), үлгіңіздің ең соңғы бағдарламалық құралын жүктеп алыңыз.

Бөліктер


RS-232C IN
IN
RS-232C OUT
OUT
DP IN
DP OUT
USB
HDMI IN
DVI IN
RGB
/ COMPONENT IN
IR IN
LAN
AV IN
AUDIO IN
AUDIO OUT
AC-IN


Жылжыту тұтқалары

Кітаптық түрде орнатқанда, алдыңғы жағына сүйене отырып, оны сағат тілімен бұрыңыз.



Орнату алдында L пішінді қапсырмаларды алып тастау

Орнатпас бұрын, мониторың бұрыштарындағы L пішінді қапсырмаларды алып тастаңыз.




ЕСКЕРТПЕ


- Алынған L пішінді қапсырмаларды сақтап қойып, кейін мониторды тасымалдағанда қолданыңыз.

ПАНЕЛЬДІ ҚОРҒАУ ҮШІН САҚТАУ ӘДІСІ


Дұрыс әдіс



Егер өнім жоғары орнатылуы керек болса, өнімнің екі жағынан ұстап, панель еденге тимеуі үшін артқа қарай абайлап еңкейтіңіз.




Өнімді жерге қойғанда, тегіс еденге төсеніш жайып, өнім панелін төмен қаратып өнімді оның үстіне қойыңыз.



Жастық жоқ болса, өнімді панелін жоғары немесе төмен қаратып, ақырын таза еденге қойыңыз. Бұл уақытта, панель үстіне заттардың түсіп кетпеуін қадағалаңыз.

Дұрыс емес әдіс




Егер өнім панель бүйіріне қарай еңкейтілсе, панельдің төменгі жағы зақымдалуы мүмкін.



Егер өнім панель шетіне қарай еңкейтілсе, панельдің шеті зақымдалуы мүмкін.

Қабырғаға орнату

Мониторды қабырғаға орнату (қосымша) үшін, ны бекітуге қосалқы құралдар ретінде берілген VESA бұрандаларын пайдаланыңыз.




Жақсы желденіп тұруы үшін, мониторды қабырғадан кемінде 20 см қашықтықта орнатыңыз және монитордың жан-жағынан 10 см бос орын қалдырыңыз.
VESA стандартына сай келетін қабырғаға орнату пластинасы мен бұрандаларын пайдаланыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Алдымен қуат сымын ажыратыңыз, содан кейін мониторды жылжытыңыз немесе орнатыңыз. Болмаса, ток соғуы мүмкін.
- Мониторды төбеде немесе көлбеу қабырғада орнатсаңыз, ол құлауы және ауыр жарақат тигізуі мүмкін.
- Бұрандаларды шамадан быс бекемдемеңіз, себебі бұл мониторды зақымдауы және кепілдікті жоюы мүмкін.
- VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту тетіктерін қолданыңыз. Дұрыс қолданбау немесе сәйкес келмейтін қосалқы құралды пайдалану нәтижесінде болған зақымдар мен жарақаттар кепілдікке кірмейді.


ЕСКЕРТПЕ



Өнімді желдетілмейтін жерге (мысалы, кітап сөресіне немесе шкафқа) немесе кілемнің не жастықтың үстіне қоймаңыз. Өнімді қабырғаға ілгеннен басқа амал болмаса, орнату алдында бөлме жақсы желдетілетінін тексеріңіз.
- Әйтпесе, бөлмедегі температураның көтерілуіне байланысты өрт шығуы мүмкін.

Өнімді қабырғаға бекіту (опция)

(Үлгіге байланысты)



1 Сақиналы болттарды немесе өнімнің кронштейндері мен болттарын өнімнің артқы жағына салып, тартыңыз.
   - Сақиналы болттардың орнында басқа болттар болса, алдымен соларды шығарып алыңыз.

2 Қабырға кронштейндерін болттардың көмегімен қабырғаға орнатыңыз.
   Қабырға кронштейні ен өнімнің арт жағындағы сақиналы болттардың орындарын сәйкестендіріңіз.

3 Сақиналы болттарды және қабырға қапсырмаларын мықты баумен тартып байлап қойыңыз.
   Бау тегіс бетке көлденең тартылып тұру керек.

ЕСКЕРТУ

- Балалардың өнімге өрмелеп шықпауын немесе оған асылмауын қадағалаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Өнімді нық ұстап тұруға жеткілікті дәрежеде берік әрі үлкен тұрғыр немесе шкаф қолданыңыз.
- Кронштейндер, болттар және жіптер қосымша қосалқы құрал болып табылады. Қосымша қосалқы құралдарды жергілікті дилерден алуға болады.


АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер өнім жеткілікті түрде тұрақты жерге қойылмаса, ол құлап, қауіп төндіруі мүмкін. Көптеген жарақаттарды, әсіресе балалардың жарақаттануын мынадай қарапайым сақтық шараларын қолдану арқылы болдырмауға болады:
  - » Өнімнің өндірушісі ұсынған шкафтарды немесе тіректерді қолдану.
  - » Өнімді қауіпсіз көтеріп тұра алатын жиһазды ғана қолдану.
  - » Өнім көтеріп тұрған жиһаздың шетінен шығып тұрмауын қамтамасыз ету.
  - » Жиһаз бен өнімді лайықты тірекке бекітпестен өнімді биік жиһазға (мысалы, ыдыс-аяқ шкафтарына немесе кітап көрелеріне) қоймау.
  - » Өнім мен көтеріп тұратын жиһаздың арасындағы матаға немесе басқа материалдарға өнімді қоймау.
  - » Балаларға өнімге немесе оның басқару құралдарына қол жеткізу үшін жиһазға өрмелеп шығудың қауіптерін үйрету.

СЫРТҚЫ ЖАБДЫҚТЫ ОРНАТУ

ИҚ қабылдағыш

Бұл қашықтан басқару құралының сенсорын пайдаланушы таңдаған орынға қоюға мүмкіндік береді. Содан кейін, осы дисплейден RS-232C кабелі арқылы басқа дисплейлерді басқаруға болады.





Дисплейлерді қатарластыру

Құрылғыны орнату

***2 x 2 мозаикасының мысалы**


VESA қабырға монтажын бекітуге арналған бұрандалармен құрылғыны қабырғаға орнату тақтасына немесе қабырғаға орнатыңыз.






Құралдарды қосу жолы

1 Басқа құрылғыларды VESA қабырға монтажын бекітуге арналған бұрандалармен жоғарыдағыдай қосыңыз.



Басқа құралдарға қосылған 4-құрал (2 x 2 қатарластыру)

2 Құрылғыларды қосқаннан кейін, құрылғылардың арасындағы бос орынды реттеу үшін мозаикалық бағыттағышты пайдаланыңыз.



3 Енді 2 x 2 қатарластыруы аяқталды.

3 x 3 сияқты түрлі комбинацияларды қатарластыра аласыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Әр құрылғыға түсетін жүктемені қабырғаға бекіту тақтасы немесе VESA қабырға бекіткіші (600 x 400) қолданылған қабырға ұстап тұруы керек.
- Әр құрылғыға түсетін жүктемені VESA қабырға монтажы арқылы қабырғаға орнату тақтасы көтеріп тұруы тиіс. (Әр құрылғы қабырғаға орнату тақтасына немесе қабырғаға мықтап орнатылуы керек.)
- Құрылғыны мозаикалық бағыттағышсыз орнатуға болады және бұл құрылғының жұмысына әсер етпейді.
- Бұрандалар қорапта басқа бөліктермен, соның ішінде мозаикалық бағыттағыштармен бірге болады.


ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

Бұл нұсқаулықтағы сипаттамалар қашықтан басқару құралындағы түймелер негізінде берілген. Нұсқаулықты мұқият оқып, мониторды дұрыс пайдаланыңыз.
Батареяларды ауыстыру үшін, батарея қақпағын ашып, ескілерін шығарып, жаңа батареяларды (1.5 V AAA) ⊕ және ⊖ жақтарын бөлімнің ішіндегі таңбаларға келтіріп салыңыз да, батареяның қақпағын жабыңыз.
Батареяларды шығару үшін, орнату әрекеттерін кері тәртіппен орындаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз. Қашықтан басқару құралы зақымдануы мүмкін.
- Қашықтан басқару құралын міндетті түрде монитордағы қашықтан басқару сенсорына бағыттау керек.





⏻ (ҚУАТ)
Мониторды қосады немесе өшіреді.

MONITOR ON
Мониторды қосыңыз.

MONITOR OFF
Мониторды ажыратыңыз.


1/a/A түймесі
Сандық және әріптік таңба арасында ауысады.

ARC
Aspect Ratio Mode (Кадр пішімінің режимі) режимін таңдайды.

Дыбыс деңгейін арттыру / азайту
Бұл түймешікті таңдау мүмкін емес.

PSM
Picture Status Mode (Сурет күйінің режимі) режимін таңдайды.

MUTE
Бүкіл дыбыстарды өшіреді.



ENERGY SAVING(e⌀)
Тұтынылатын энергияны азайту үшін экранның жарықтығын реттейді.


INPUT
Кіріс режимін таңдайды.

3D
Бұл түймешікті таңдау мүмкін емес.

Сан және әріп түймелері
Параметрге байланысты сандық немесе әріптік таңбаларды енгізеді.

CLEAR
Енгізілген сандық немесе әріптік таңбаны жояды.

BRIGHTNESS (Жарықтық) пернесі
Жарықтықты қашықтан басқару құралындағы жоғары және төмен түймелерін басып реттеңіз.
USB режимінде, келесі файлдар тізіміне жылжу үшін экрандық мәзірде Page (Бет) функциясы бар.



INFO ⓘ
Кіріс туралы ақпаратты көрсетеді.


SETTINGS
Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады.

OK
Мәзірлер мен параметрлерді таңдап, енгізуді растайды.

BACK
Пайдаланушыға пайдаланушымен әрекеттестік функциясында бір қадам артқа жылжытуға мүмкіндік береді.

SIMPLINK
SimpLink мәзірі арқылы қашықтан басқару құралымен әртүрлі мультимедиа құрылғыларын басқаруға мүмкіндік береді. (Үлгіге байланысты оған қолдау көрсетілмеуі мүмкін.)

ID ON/OFF/OFF
Сурет идентификаторының саны Орнату идентификаторымен тең болғанда мульти-дисплей жағдайында қалаған мониторды басқара аласыз.



AUTO
Суреттің орнын автоматты түрде реттейді және суреттің тұрақсыздығын барынша азайтады.
(тек RGB кіріс сигналы)

W.BAL
Ақ түс балансы мәзірін ашады.

S.MENU
(SuperSign мәзірінің пернесі)
Бұл түймені таңдау мүмкін емес.

Жылжу түймелері
Мәзірлер мен параметрлерде жылжиды.

EXIT
Экранда көрсетіліп тұрғандардың бәрін өшіріп, кез келген мәзірден монитор көрінісіне қайтады.


TILE
TILE (Мозаика) режимін таңдайды.

USB мәзірінің басқару түймелері
Мультимедиа файлының ойнатылуын басқарады.


Енгізу портына жалғанған құрылғының атауын көрсету

Қандай құрылғылардың қай сыртқы енгізу порттарына жалғанғанын көрсету.

1 Input list (Енгізу тізімі) экранына өтіп, қашықтан басқару құралындағы көк (енгізу белгісі) түймені басыңыз.



2 Енгізу белгісін USB портынан басқа кез келген енгізу портына тағайындауға болады.



ЕСКЕРТПЕ

- Қолдау көрсетілетін сыртқы енгізу құралдары: HDMI, DVI-D және Display Port
- Қол жетімді белгілер: PC және DTV
- Сыртқы енгізу параметрін өзгерткенде, енгізу белгілері Input Label (Енгізу белгісі) экранында немесе сол жақ экранның жоғарғы бөлігінде көрсетіледі.
- 1080p 60 Гц сияқты DTV/PC интерфейсімен үйлесімді сигналдарда экран параметрлері енгізу белгісіне сәйкес өзгеруі мүмкін. **Just Scan** (Тек қарап шығу) опциясы сыртқы құрылғы ретінде компьютер жалғанған болса қол жетімді болады.

МОНИТОРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Компьютерге жалғау


Бұл монитор Plug & Play* мүмкіндігін қолдайды.

*Plug & Play: компьютер пайдаланушылар компьютерге жалғап, іске қосатын жалғанған құрылғыны конфигурациясынсыз немесе пайдаланушының араласуынсыз танитын функция.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Кескін сапасын жақсарту үшін теледидарды HDMI байланысын орнатып пайдалану ұсынылады.
- Өнімнің техникалық сипаттарына сәйкес болу үшін D-sub 15 істікшелі кабелі және DVI/HDMI кабелі сияқты феррит өзегі бар, экрандалған интерфейс кабелін қолданыңыз.
- Мониторды теледидар суып қалғанда қоссаңыз, экран жыпылықтауы мүмкін. Бұл — қалыпты жағдай.
- Экранда бірнеше қызыл, жасыл немесе көк нүкте пайда болуы мүмкін. Бұл — қалыпты жағдай.
- Электромагниттік толқындар әсерін азайту үшін кабельдерді кабель бауымен бекітіңіз.


ЕСКЕРТУ



- Сигнал кірісінің кабелін жалғап, бұрандаларды сағат тілімен бұрап бекітіңіз.
- Экранды саусақпен ұзақ баспаңыз, себебі экрандағы бейне уақытша бұрмаланып көрсетілуі мүмкін.
- Бейненің ізі қалмауы үшін, экрандағы бейнені ұзақ уақыт тоқтатып қоймаңыз. Мүмкін болса, экран қорғағышын пайдаланыңыз.

RGB байланысы

Компьютерден мониторға аналогты бейне сигналын тасымалдайды. Төмендегі суреттерде көрсетілгендей, компьютер мен мониторды жинақпен берілген 15 істікшелі D-sub сигнал кабелі арқылы жалғаңыз.
RGB кіріс көзін таңдаңыз




ЕСКЕРТПЕ



- Нарықтағы үйлесімсіз адаптерлерді (басқа сигнал беру жүйесі) емес, стандартты. Macintosh адаптерін қолданыңыз.
- Apple компьютерлерін осы мониторға қосу үшін, адаптер қажет болуы мүмкін. Қосымша ақпаратты сол компанияға хабарласып немесе веб-торабына кіріп алыңыз.


DVI байланысы

Компьютерден мониторға сандық бейне сигналын тасымалдайды. Төмендегі суретте көрсетілгендей, компьютер мен мониторды DVI кабелі арқылы жалғаңыз.
DVI кіріс көзін таңдаңыз.



HDMI байланысы

Сандық бейне және дыбыс сигналдарын компьютерден мониторға тасымалдайды. Төмендегі суретте көрсетілгендей, компьютер мен мониторды HDMI кабелі арқылы жалғаңыз.
HDMI кіріс көзін таңдаңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- Жоғары жылдамдықты HDMI™ кабелін пайдаланыңыз.
- HDMI режимінде дыбыс естілмесе, компьютер ортасын тексеріңіз. Кейбір компьютерлер әдепкі шығыс дыбысын HDMI күйіне қолмен өзгертуді қажет етеді.
- HDMI PC режимін пайдаланғыңыз келсе, PC/DTV PC режиміне орнату керек.
- HDMI компьютері қолданылғанда, үйлесімділік проблемасы орын алуы мүмкін.
- HDMI логотипі жабыстырылған сертификатталған кабельді пайдаланыңыз. Сертификатталған HDMI кабелін пайдаланбасаңыз, экран көрінбеуі немесе байланыс қатесі орын алуы мүмкін.
- Ұсынылған HDMI кабель түрлері
  - Жоғары жылдамдықты HDMI®/™ кабелі
  -Ethernet бар жоғары жылдамдықты HDMI®/™ кабелі

Display Port қосылымы

Сандық бейне және дыбыс сигналдарын компьютерден мониторға тасымалдайды. Келесі суреттерде көрсетілгендей, компьютер мен мониторды HDMI кабелімен жалғаңыз. Display Port кіріс көзін таңдаңыз.

Өнімнің артқы жағы.




PC

ИҚ қабылдағыш байланысы

ИҚ қабылдағыш ұзартуын пайдалануға мүмкіндік береді.

Өнімнің артқы жағы.



ЕСКЕРТПЕ

- Компьютеріңіздің дисплей портының нұсқасына қарай, дыбыс болмауы мүмкін.

Экранды реттеу

Сурет режимін таңдау

Алдын ала орнатылған сурет режимдерінің біреуін таңдау арқылы суреттерді оңтайландырылған параметрлерімен көрсетіңіз.

1 Негізгі мәзірлерді ашу үшін, **SETTINGS** түймесін басыңыз.

2 **PICTURE (СУРЕТ)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

3 **Picture Mode (Сурет режимі)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып қажет сурет режиміне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

Режим	Сипаттама
Vivid (Айқын)	**Contrast, Brightness, Color (Контраст, жарықтық, түс)** және **Sharpness (Анықтық)** параметрлерін жақсарту арқылы жеке ортаның бейне кескінін реттейді.
Standard (Стандартты)	Қалыпты орта үшін арналған кескінді реттейді.
Cinema (Кинотеатр)	Бейне кескінін фильмдерді кинотеатрда қарағандай етіп кинематографиялық көрініске оңтайландырады.
Sports (Спорт)	Ақ, жасыл немесе аспан көк сияқты негізгі түстерді күшейту арқылы жоғары және динамикалық әрекеттердің бейне кескінін оңтайландырады.
Game (Ойын)	Компьютер немесе ойындар сияқты жылдам ойын ойнау экранының бейне кескінін оңтайландырады.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (ШЫҒУ)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралғанда, **BACK (КЕРІ)** түймесін басыңыз.

Кескін параметрлерін теңшеу

Ең жақсы экран өнімділігі үшін әрбір сурет режимінің негізгі және қосымша параметрлерін теңшеңіз.

1 Негізгі мәзірлерді ашу үшін, **SETTINGS** түймесін басыңыз.

2 **PICTURE (СУРЕТ)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

3 **Picture Mode (Сурет режимі)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып қажет сурет режиміне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Келесі параметрлерді таңдап, реттеңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

Параметр	Сипаттама
Backlight (Артқы жарық)	СКД артқы жарығын басқару арқылы экранның жарықтығын реттейді. Егер жарықтық деңгейін азайтсаңыз, экран күңгірттеу болады және қуат тұтыну ешбір бейне сигналын жоғалтпастан азаяды.
Contrast (Контраст)	Бейне сигналының градиентін көтереді немесе азайтады. Бейненің жарық бөлігі қанық болғанда, **Contrast (Контраст)** параметрін пайдалануға болады.
Brightness (Жарықтық)	Бейнедегі сигналдың негізгі деңгейін реттейді. Кескіннің қараңғы бөлігі қанық болғанда, **Brightness (Жарықтық)** параметрін пайдалануға болады.
Sharpness (Айқындылық)	Сурет аймақтарындағы жарық пен қараңғылық шекара деңгейін өзгертеді. Деңгей төмен болған сайын бейнелеу жылады.
Color	Барлық **Colors (Түстер)** жарықтығын реттейді.
Реңк	**Red (Қызыл)** және **Green (Жасыл)** деңгейлері арасындағы тепе-теңдікті реттейді.
Color Temperature (Түс температурасы)	Қызыл сияқты ыстық түстерді жақсарту үшін «жылы» мәніне, ал суретті көкшіл ету үшін «суық» мәніне орнатыңыз.

Параметр	Сипаттама
Advanced Control (Қосымша басқару)	Қосымша параметрлерді реттейді Кеңейтілген параметрлер туралы қосымша ақпаратты қараңыз.
Picture Reset (Қалпына келтіру)	Әдепкі параметрлерді қалпына келтіреді.

6 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (ШЫҒУ)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралғанда, **BACK (КЕРІ)** түймесін басыңыз.

Компьютердің дисплей параметрлерін реттейді.

Ең жақсы сурет сапасы үшін әр сурет режимінің параметрлерін теңшеңіз.

- Бұл функция мына режимде істейді: RGB[PC] режимі.

1 Негізгі мәзірлерді ашу үшін, **SETTINGS** түймесін басыңыз.

2 **PICTURE (СУРЕТ) тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін** және **OK** түймесін басыңыз.

3 **Screen (Экран)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

4 Келесі параметрлерді таңдап, реттеңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

Параметр	Сипаттама
Resolution (Ажыратымдылық)	Тиісті **Resolution (ажыратымдылықты**) таңдайды.
Auto Configure (Автоматты түрде теңшеу)	Экранның **Position (орны)**, **Size (өлшемі)** және **Phase (кезеңі)** автоматты түрде реттелетін етіп орнатады. Теңшелім орындалып жатқанда, көрсетілген сурет бірнеше секунд бойы тұрақсыз болуы мүмкін.
Орны/Өлшем/Кезең	Сурет анық болмағанда, әсіресе автоматты теңшелімнен кейін таңбалар дірілдегенде параметрлерді реттейді.
Reset (Қалпына келтіру)	Әдепкі параметрлерді қалпына келтіреді.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT (ШЫҒУ)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралғанда, **BACK (КЕРІ)** түймесін басыңыз.

Қосымша параметрлерді пайдалану

Пропорцияларды реттеу

Кескінді оңтайлы өлшемде көру үшін монитор көріп жатқанда, **ARC** түймесімен кескін өлшемін өзгертіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ


- Егер ТД экранындағы бейне ұзақ уақыт бойы қозғалыссыз тұрса, одан із қалып, экрандағы бейне тұрақты түрде бұрмалануы мүмкін. Бұл – «бейненің күюі» немесе «күю». Кепілдік мұны қамтымайды.
- Егер теледидардың кадр пішімі ұзақ уақыт бойы 4:3 болса, экранның жоғарғы және төменгі жағында бейне ізі пайда болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


- Сондай-ақ, негізгі мәзірлерге кіру арқылы сурет өлшемін өзгерте аласыз.

MODE / Aspect Ratio	AV	Component	RGB	DVI-D		HDMI		Display Port	
			PC	DTV	PC	DTV	PC	DTV	PC
16:9	o	o	o	o	o	o	o	o	o
Just Scan	x	o	x	o	x	o	x	o	x
1:1	x	x	o	x	o	x	o	x	o
4:3	o	o	o	o	o	o	o	o	o
Zoom	o	o	x	o	x	o	x	o	x
Cinema Zoom 1~16	o	o	x	o	x	o	x	o	x

- **16:9**: келесі таңдау суретті көлденең, тік пропорцияда, бүкіл экранды толтыратындай (4:3 форматты DVD дискілерді көргенде қолайлы) реттеуге мүмкіндік береді.




- **4:3**: келесі таңдау суретті бастапқы 4:3 арасалмақ еселігінде көруге мүмкіндік береді. Экранның сол және оң жағында сұр жолақтар пайда болады.




- **Just Scan (Тек қарау)**: келесі таңдау бастапқы суретті жоғалтусыз суретті ең жақсы сапамен, жоғары ажыратымдылық бейнесінде көруді қамтамасыз етеді.
  Ескертпе: бастапқы суретте бұрмалау болса, ол экранның шетінде байқалады.




- **Zoom (Ұлғайту)**: келесі таңдау бүкіл экранды толтыра отырып, суретті ешбір өзгертусіз көруге мүмкіндік береді. Дегенмен, суреттің жоғарғы және төменгі жағы қиып алынады.



- **1:1**: кадр пішімі бастапқы кескіннен реттелмейді. (Тек PC, HDMI PC, DVI-D PC, RGB PC Display Port)



- **Cinema Zoom 1~16 (Фильм ұлғайту 1~16)**: суретті дұрыс пропорцияда үлкейту керек болғанда, Cinema Zoom (Фильм ұлғайту) параметрін таңдаңыз.
  Ескертпе: суретті үлкейткенде немесе кішірейткенде, сурет бұрмалануы мүмкін.



Кіріс тізімін пайдалану

Кіріс сигналының көзін таңдау

1 Кіріс көздерінің тізімін көру үшін, **INPUT** (Кіріс сигналы) түймесін басыңыз.


2 Жылжу түймелерін басып кіріс сигналы көздерінің біріне барыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

Кіріс сигналының көзі	Сипаттама
AV	VCR немесе басқа сыртқы құрылғылардан бейне материалдарын көріңіз.
Component	DVD немесе басқа сыртқы құрылғылардан, сандық телевизиялық приставкадағы мазмұнды көріңіз.
RGB	Экраннан компьютер дисплейін көру.
HDMI	Мазмұнды компьютерден, DVD құрылғысынан, сандық телевизиялық приставкадан немесе басқа жоғары ажыратымдылықты құрылғылардан көріңіз.
DVI-D	Экраннан компьютер дисплейін көру.
Display Port	Мазмұнды компьютерден, DVD құрылғысынан, сандық телевизиялық приставкадан немесе басқа жоғары ажыратымдылықты құрылғылардан көріңіз.
USB	USB құрылғысында сақталған мультимедиа файлын ойнатады.

ОЙЫН-САУЫҚ

Сымды желіге қосылу

Дисплейді жергілікті желіге (LAN) жергілікті желі порты арқылы келесі суретте көрсетілгендей жалғап, желі параметрлерін орнатыңыз.
Тек сымды желі байланысын қолдайды.
Физикалық қосылымды орнатқаннан кейін, басты желілердің аз саны дисплей желісі параметрлерінің реттелуін талап етуі мүмкін.
Көптеген басты желілер үшін дисплей ешқандай реттеулерсіз автоматты түрде қосылады.
Қосымша мәлімет алу үшін интернет провайдеріне хабарласыңыз немесе жол жоспарлағыш нұсқаулығын қараңыз.



Желі параметрлерін орнату үшін: (тіпті дисплей автоматты түрде қосылған болса да, орнатуды қайта іске қосу ештеңені зақымдамайды),

1. Негізгі мәзірлерді ашу үшін, **SETTINGS** түймесін басыңыз.
2. **NETWORK (ЖЕЛІ)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.
3. **Network Setting (Желі параметрі)** тармағын таңдау үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.
4. Network Setting (Желі параметрі) бұрыннан реттелген болса: **Resetting (Қайта реттеу)** пәрменін таңдаңыз. Жаңа қосылым параметрлері ағымдағы желі параметрлерін қалпына келтіреді.
5. **IP Auto Setting (IP авто параметрі)** немесе **IP Manual Setting (IP қолмен параметрі)** тармағын таңдаңыз.
   - **IP Manual Setting (IP қолмен параметрі)**: жылжу және сандық түймелерді басыңыз. IP мекенжайларын қолмен енгізу қажет болады.
   - **IP Auto Setting (IP авто параметрі)**: сымды қосылым арқылы істеп тұрған жергілікті желіде DHCP сервері (жол жоспарлағыш) болса, осы параметрді таңдаңыз, дисплей автоматты түрде IP мекенжайын табады. DHCP (Басты компьютерді реттеудің динамикалық протоколы) сервері функциясы бар кең жолақты желі жол жоспарлағышын немесе модемін қолданған жағдайда. IP мекенжайы автоматты түрде анықталады.
6. Аяқтағаннан кейін, **EXIT (ШЫҒУ)** түймесін басыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Модульдік телефон кабелін жергілікті желі портына жалғамаңыз.
- Байланыс құрудың әр түрлі әдісі болғандықтан, телекоммуникация қызметін жеткізуші компаниясының немесе интернет қызметі провайдерінің нұсқауларын орындаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Дисплей физикалық желіге қосылмайынша желі параметрі мәзірі қол жетімді болмайды.
- Байланыс құрудың әр түрлі әдісі болғандықтан, телекоммуникация қызметін жеткізуші компаниясының немесе интернет қызметі провайдерінің нұсқауларын орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Дисплейде Интернетке тікелей қосылғыңыз келсе, интернетке қосылым мүмкіндігі әрдайым қосулы болуы қажет.
- Интернетке қосыла алмасаңыз, желідегі компьютерден желі шарттарын тексеріңіз.
- **Network Setting (Желі параметрі)** пәрмені қолданылғанда, жергілікті желі кабелін немесе жол жоспарлағыштағы DHCP қосулы тұрғандығын тексеріңіз.
- Желі параметрлерін реттеуді аяқтамасаңыз, желі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Желі параметрлері бойынша кеңестер

- Бұл дисплеймен стандартты жергілікті желі кабелін қолданыңыз. RJ45 жалғағышы бар Cat5 немесе одан жақсысын пайдаланыңыз.
- Реттеу барысында орын алатын көптеген желі қосылымының проблемаларын жол жоспарлағышты немесе модемді қайта орнату арқылы түзетуге болады. Дисплейді басты желіге жалғағаннан кейін, қуатты жылдам өшіріңіз және/немесе басты желі жол жоспарлағышының немесе кабельді модемнің қуат кабелін ажыратыңыз. Одан кейін қуатты қосыңыз және/немесе қуат кабелін қайта жалғаңыз.
- Интернет қызметінің провайдеріне (ISP) қарай Интернет қызметін қабылдайтын құрылғылар саны тиісті қызмет шарттарымен шектелуі мүмкін. Қосымша мәлімет алу үшін Интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз.
- LG компаниясы байланыс қателеріне/ Интернет қосылымы мүмкіндігіне және жалғанған басқа жабдықтарға қатысты ақаулардан пайда болатын дисплейдің және/ немесе Интернет қосылымының ақауларына жауапты болмайды.
- LG компаниясы Интернет қосылымындағы проблемаларға жауапты болмайды.
- Желі қосылымының жылдамдығы қолданыстағы мазмұнның талаптарына сай болмаса, орынсыз нәтижелер туындауы мүмкін.
- Кейбір Интернетке қосылу әрекеттері Интернет қосылымын қамтамасыз ететін Интернет провайдері (ISP) орнатқан белгілі шектеулерге байланысты жасалмауы мүмкін.
- Интернет провайдері алатын кез келген ақыны, соның ішінде және ешбір шектеусіз, қосылым ақысын сіз төлейсіз.
- Осы дисплейге қосылу үшін 10 Base-T немесе 100 Base-TX LAN порты қажет. Интернет қызметі мұндай қосылымға рұқсат етпесе, дисплейді жалғау мүмкін болмайды.
- DSL қызметін қолдану үшін DSL модемі, ал кабельді модем қызметін пайдалану үшін кабельді модем қажет. Интернет провайдерінің кіру әдісіне және онымен жасалған жазылушы келісім-шартына қарай осы дисплейдегі Интернет қосылымы мүмкіндігі қолжетімсіз болуы немесе бір уақытта жалғанатын құрылғылар саны шектелуі мүмкін. (Интернет провайдері жазылымды бір құрылғыға шектейтін болса, компьютер жалғанған уақытта дисплейді жалғауға рұқсат етілмеуі мүмкін.)
- «Жол жоспарлағыш» қолданысы рұқсат етілмеуі мүмкін немесе оның қолданысы Интернет провайдерінің саясатына және шектеулеріне қарай шектелуі мүмкін. Қосымша мәлімет үшін Интернет провайдеріне тікелей хабарласыңыз.

Желі күйі

1 Негізгі мәзірлерді ашу үшін, **SETTINGS** түймесін басыңыз.

2 **NETWORK (ЖЕЛІ)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

3 **Network Status (Желі күйі)** тармағын таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз.


4 Желі күйін тексеру үшін **OK** түймесін басыңыз.

5 Аяқтаған кезде **EXIT (ШЫҒУ)** түймесін басыңыз.

Параметр	Сипаттама
Setting (Параметр)	Желіні реттеу мәзіріне оралыңыз.
Test (Тексеру)	Желіні орнатқаннан кейін ағымдағы желі күйін тексеріңіз.
Close (Жабу)	Алдыңғы мәзірге қайтыңыз.

USB сақтау құрылғыларын қосу

USB флэш жады, сыртқы қатты диск сияқты USB сақтау құрылғыларын дисплейге жалғап, мультимедиа мүмкіндіктерін пайдаланыңыз. USB флэш жадын немесе USB жад картасын оқу құралын дисплейге төмендегі суретте көрсетілгендей етіп қосыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

- EMF(Менің құралым) мәзірі белсенді кезде, дисплейді өшірмеңіз немесе USB сақтау құрылғысын шығарып алмаңыз, себебі бұл файлдардың жоғалуына немесе USB сақтау құрылғысының зақымдануына әкеледі.
- USB сақтау құрылғысына сақталған файлдардың сақтық көшірмесін жиі жасап тұрыңыз, файлдарды жоғалуы немесе бүлінуі мүмкін, олар кепілдікте қамтылмаған.

USB сақтау құрылғыларын пайдалану бойынша кеңестер

- Тек USB сақтау құрылғысы танылады.
- USB сақтау құрылғысы USB хабы арқылы жалғанған болса, құрылғы танылмайды.
- Автоматты түрде тану бағдарламасын пайдаланатын USB сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Өз драйверін қолданатын USB сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- USB сақтау құрылғысын тану жылдамдығы құрылғыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Жалғанған USB сақтау құрылғысы жұмыс істеп тұрғанда дисплейді өшірмеңіз немесе USB құрылғысын ажыратпаңыз. Осындай құрылғы кенет ажыратылғанда немесе суырылғанда, сақталған файлдар немесе USB сақтау құрылғысы зақымдануы мүмкін.
- Компьютерде жасанды түрде басқарылған USB сақтау құрылғысын жалғамаңыз. Бұл құрылғы өнімді бұзуы немесе оның ойнатылмауына себеп болуы мүмкін. Музыкалық файлдары, сурет файлдары немесе фильм файлдары бар қалыпты USB сақтау құрылғысын қолданыңыз.
- Windows амалдық жүйесімен берілген FAT32, NTFS файлдық жүйелері түрінде пішімделген USB сақтау құрылғысын ғана пайдаланыңыз. Сақтау құрылғысы Windows жүйесі қолдамайтын басқа бір қызметтік бағдарлама түрінде пішімделген жағдайда, ол танылмауы мүмкін.
- Сыртқы қуат көзін қажет ететін USB сақтау құрылғысына (0,5 A-ден артық) қуат қосыңыз. Әйтпесе құрылғы танылмауы мүмкін.
- USB сақтау құрылғысын құрылғының өндірушісі ұсынған кабельмен жалғаңыз.
- Кейбір USB сақтау құрылғыларына дұрыс қолдау көрсетілмеуі немесе олар жақсы жұмыс істемеуі мүмкін.
- USB сақтау құрылғысының файлды туралау әдісі Window XP жүйесінікіне ұқсас және файл атауы 100 ағылшын тілінің таңбасына дейін таниды.

- USB жад құрылғысында сақталған деректердің зақымдалу қаупі болғандықтан, маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасауды ұмытпаңыз. Қандай да бір деректердің жоғалуына жауапты болмаймыз.
- USB HDD жетегінің сыртқы қуат көзі болмаса, USB құрылғысы анықталмауы мүмкін. Сондықтан, сыртқы қуат көзін жалғауды ұмытпаңыз.
  - Сыртқы қуат көзі үшін қуат адаптерін қолданыңыз. Сыртқы қуат көзі үшін USB кабелі қамтамасыз етілмейді.
- USB жад құрылғысында бірнеше бөлімі болса немесе бірнеше карталық USB оқу құралын пайдаланған жағдайда, 4 бөлімді немесе USB жад құрылғысын қолдануға болады.
- USB жад құрылғысы бірнеше карталық USB оқу құралына жалғанған болса, оның көлемі туралы деректер анықталмауы мүмкін.
- USB жад құрылғысы дұрыс істемесе, оны ажыратып, қайта жалғаңыз.
- USB жад құрылғысының анықталу жылдамдығы құрылғыға қарай әртүрлі болады.
- Егер USB күту режимінде қосылған болса, дисплей қосылғанда арнайы қатты диск автоматты түрде жүктеледі.
- Сыйымдылығы 1 Тбайт немесе одан аз USB сыртқы қатты дискі және 32 Гбайт немесе одан аз USB жад құрылғысын пайдалану ұсынылады.
- Көлемі ұсынылғаннан жоғары болатын кез келген құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- «Энергияны үнемдеу» функциясы бар сыртқы USB қатты дискісі істемесе, дұрыс істеуі үшін қатты дискіні сөндіріп, қайта қосыңыз.
- USB 2.0 нұсқасынан төмен USB сақтау құрылғыларына да қолдау бар. Бірақ ол фильмдер тізімінде дұрыс істемеуі мүмкін.
- Бір қалта ішінен көп дегенде 999 қалта немесе файл танылады.
- USB 3.0 сақтау құрылғысы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Кейбір USB сақтау құрылғыларындағы деректер температурасы жоғары ортада зақымдалуы мүмкін.

Файлдарды шолу


Фотосурет, музыка немесе фильм тізімдеріне қол жеткізу және файлдарды шолу.

1 USB сақтау құрылғысын қосыңыз.

2 Негізгі мәзірлерді ашу үшін **SETTINGS** түймесін басыңыз.

3 **MY MEDIA (Менің құралым)** тармағына өту үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

4 **Movie List (Фильмдер тізімі)**, **Photo List (Фотосуреттер тізімі)**, **Music List (Музыка тізімі)** немесе **Contents List (Мазмұндар тізімі)** ішінен таңдап, **OK** түймесін басыңыз. (Үлгіге байланысты мазмұн тізімі функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.)



№	Сипаттама
1	Жоғары деңгейдегі қалтаға жылжиды
2	Ағымдағы бет/барлық беттер саны
3	Қашықтан басқару құралындағы тиісті түймелер
4	Қалтадағы мазмұндардың ағымдағы беті/барлық беттерінің саны орны 1
5	Қалтадағы мазмұндар орны: 1
Төменгі	**Сипаттама**
Жасыл түйме	Photo List (Фотосуреттер тізімі)-> Music List (Музыка тізімі), Music List (Музыка тізімі)-> Contents List (Мазмұндар тізімі), Contents List (Мазмұндар тізімі) -> Movie List (Фильмдер тізімі) немесе Movie List (Фильмдер тізімі) -> Photo List (Фотосуреттер тізімі) арасында ауысу үшін жасыл түймені басыңыз.
Сары түйме	**5 үлкен нобай немесе жай тізім түрінде қарау әдісі.**
Көк түйме	Белгілеу режиміне түрлендіріңіз.

Қолдау көрсетілетін файл пішімі

<table>
<tr><th>Түр</th><th>Қолдау көрсетілетін файл пішімі</th></tr>
<tr><td>Movie (Фильм)</td><td>DAT,MPG,MPEG,VOB,AVI,DIVX,MP4,MKV,TS,TRP, TP,ASF,WMV,FLV)

Фильм (*.mpg/*.mpeg/*dat/*.ts/*.trp/*.tp/*.vob/*.mp4/ *.mov/*.mkv/*.divx/*.avi/*.asf/*.wmv/*.flv/*.avi(motion-jpeg)/*.mp4(motion-jpeg)/*.mkv(motion-jpeg)) пішімдерін қолдайтын файл

Бейне пішімі : DivX 3.11, DivX4, DivX5, DivX6
Xvid1.00, Xvid1.01, Xvid1.02, Xvid1.03, Xvid1.10 beta-1/beta-2,
Mpeg-1, Mpeg-2, Mpeg-4, H.264/AVC, VC1, JPEG, Sorenson H.263

Дыбыс пішімі: Dolby Digital, AAC, Mpeg, MP3, LPCM, HE-AAC, ADPCM, WMA

Бит жылдамдығы: 32 - 320 Кбит/с (MP3) аралығында

Сыртқы субтитр пішімі: *.smi/*.srt/*.sub(MicroDVD, Subviewer1.0/2.0)/*.ass/*.ssa/*.txt(TMPlayer)/ *.psb(PowerDivX)

Ішкі субтитр пішімі: тек XSUB (Бұл DivX6 файлдарында пайдаланылатын субтитр пішімі)</td></tr>
<tr><td>Фотосурет</td><td>JPEG
Негізгі жол: 64 x 64-15360 x 8640
Озық: 64 x 64-1920 x 1440
• Тек JPEG файлдарын ғана ойната аласыз.
• Қолдауы жоқ файлдар алдын ала анықталған белгіше түрінде көрсетіледі.
<table>
<tr><th>Файл Кеңейтімдер</th><th>Элемент</th><th>Профиль</th></tr>
<tr><td rowspan="2">jpeg
jpg
jpe</td><td>қолдау көрсетіледі файл пішімі</td><td>• SOF0: негізгі жол
• SOF1: кеңейтілген бірізді
• SOF2: прогрессивті</td></tr>
<tr><td>фотосурет өлемі</td><td>• Ең кішісі: 64 x 64
• Ең үлкен қалыпты түр: 15360 (Е) X 8640 (Б)
• Прогрессивті түрі: 1920 (Е) x 1440 (Б)</td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>Music (Музыка)</td><td>MP3
Биттік жылдамдығы: 32-320
• MPEG1 3-деңгей таңдау жиілігі: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
• MPEG2 3-деңгей таңдау жиілігі: 16 кГц, 22,05 кГц, 24 кГц
• Дискретизация жиілігі MPEG2,5 3-деңгей: 8 кГц, 11,025 кГц, 12 кГц</td></tr>
</table>

Фильмдер көру


Бейне файлдарын дисплейде ойнатыңыз. Дисплей USB сақтау құрылғысында немесе компьютердегі ортақ қалтада сақталған бейне файлдардың барлығын көрсетеді.


1 **MY MEDIA (Менің құралым)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

2 **Movie List (Фильмдер тізімі)** тармағына өту үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

3 Қажетті қалтаға жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

4 Қажетті файлға жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.





Мәзір	Сипаттама
Play Marked (Белгіленгенді ойнату)	Таңдалған фильм файлын ойнатыңыз. Фильм файлын ойнату аяқталғаннан кейін келесі таңдалған біреуі автоматты түрде ойнатылады.
Mark All (Бәрін белгілеу)	Экрандағы барлық фильм файлдарын белгілеңіз.
Unmark All (Барлығының белгісін алу)	Барлық белгіленген фильм файлдарының таңдауын алаңыз.
Exit Mark Mode (Белгілеу режимінен шығу)	Белгілеу режимінен шығыңыз.

5 Фильмді ойнатыңыз.

6 Келесі түймелерді пайдаланып, ойнатуды басқарыңыз.



Түйме	Сипаттама
■	Ойнатуды тоқтатады
▶	Бейнені ойнатады
❚❚	Ойнатуды кідіртеді немесе жалғастырады
◀◀	Файлда артқа қарай іздейді
▶▶	Файлда алдыға қарай іздейді
SETTINGS	**Option (Параметр)** мәзірін көрсетіңіз.
BACK	Толық өлшемді экранда мәзірді жасырыңыз.
EXIT	**Фильмдер тізіміне** оралыңыз.
◀ немесе ▶	Ойнату барысында файлдағы арнайы нүктелерге өткізеді. Арнай нүктенің уақыты күй жолағында пайда болады. Кейбір файлдарда бұл функция дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
ENERGY SAVING	Қуатты үнемдеу мақсатында экран жарықтығын реттейді.

Бейне файлдарын ойнату бойынша кеңестер

- Пайдаланушы жасаған кейбір субтитрлер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Кейбір ерекше таңбаларға субтитрлерде қолдау көрсетілмейді.
- HTML тэгтеріне субтитрлерде қолдау көрсетілмейді.
- Қолдау көрсетілетін тілдерден басқа тілдердегі субтитрлерге қолдау көрсетілмейді.
- Дыбыс тілі ауыстырылғанда (бейненің тоқтап қалуы, жылдамырақ ойнатылу, т.б.), экранда уақытша кедергі орын алуы мүмкін.
- Зақымданған фильм файлы дұрыс ойнатылмауы мүмкін немесе кейбір ойнатқыш функциялары қолдануға жарамсыз болады.
- Кейбір кодерлермен шығарылған фильм файлдары дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Жазылған файлдың бейне және аудио құрылымы алмаспаса, не бейне, не дыбыс шығарылады.
- Ажыратымдылығы 1920X1080@25/30p мәнінен жоғары бейнелер кадрге байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Берілген түрлер мен форматтардан өзгеше фильм файлдары дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Ойнатылатын фильм файлы үшін биттің ең жоғары берілу жылдамдығы — 20 Мбит/с. (тек Motion JPEG: 10 Мбит/с)
- H.264/AVC стандарттарында кодталған деңгейі 4.1 немесе одан жоғары болатын профильдердің кедергісіз ойнатылуына кепілдік бермейміз.
- DTS аудио кодегіне қолдау жоқ.
- Өлшемі 30Гбайттан көп болатын фильм файлы ойнатылмайды.
- DivX фильм файлы және оның субтитр файлы бір қалтада орналасуы тиіс.
- Көрсетілуі үшін бейне файлы мен оның субтитр файлының атаулары бірдей болуы тиіс.
- Жоғары жылдамдықтарды қолдамайтын USB қосылымы арқылы ойнатылғанда, бейне дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- GMC (Жалпы қозғалыс компенсациясы) арқылы кодталған файлдар ойнатылмауы мүмкін.

Бейне параметрлері

1 Қалқымалы мәзірлерді ашу үшін **SETTINGS** түймесін басыңыз.

2 **Set Video Play. (Бейне ойнатуды орнату)** немесе **Set Video. (Бейнені орнату),** тармағына өту үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Movie List (Фильмдер тізімі) параметрінд**е өзгертілген мәндер **Photo List (Суреттер тізімі)** және **Music List (Әндер тізімі)** параметрлеріне әсер етпейді.
- **Photo List (Суреттер тізімі)** мен **Music List (Әндер тізімі)** параметрлерінде өзгертілген мән **Photo List (Суреттер тізімі)** мен **Music List (Әндер тізімі)** ішіндегі сияқты өзгереді, бірақ **Movie List (Фильмдер тізімі)** ішінде өзгермейді.
- Бейнефайлды тоқтатып, қайта ойнатқан кезде, алдыңғы тоқтаған жерден бастап ойнатуға болады.

Set Video Play (Бейне ойнатуды орнатыңыз) параметрі таңдалғанда,

1 Шарлау түймелерінің көмегімен жылжып, **Picture Size (Сурет көлемі), Audio Language (Аудио тілі), Subtitle Language (Субтитр тілі)** немесе **Repeat (Қайталау)** тармақтарын таңдаңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен жылжып, тиісті реттеулер жасаңыз.

Мәзір	Сипаттама
Picture Size (Сурет өлшемі)	Қажетті сурет пішімін фильмді ойнату кезінде таңдайды.
Audio Language (Дыбыс тілі)	Фильмді ойнату кезінде дыбыстың тілдер тобын өзгертеді. Тек бір дыбыс жолы бар файлдарды таңдау мүмкін емес.
Subtitle Language (Субтитр тілі)	Субтитрді қосыңыз/өшіріңіз.
Language (Тіл)	SMI субтитрлері үшін іске қосылады және субтитр ішіндегі тілді таңдай алады.
Code Page (Кодтық бет)	Субтитр қаріпін таңдауға болады. Әдепкі мән орнатылған кезде, жалпы мәзірдің қаріпі пайдаланылады.
Sync (Үндестіру)	Фильмді ойнату кезінде субтитрдің уақыт үндестіруін 0,5 сек. қадаммен -10 сек. - +10 сек. аралығында реттейді.
Position (Позиция)	Фильм ойнатылып жатқанда субтитрдің позициясын жоғары немесе төмен ауыстырады.
Size (Өлшем)	Фильм ойнатылғанда көрсетілетін қажетті субтитр өлшемін таңдайды.
Repeat (Қайталау)	Фильмді ойнату функциясын қосады/өшіреді. Осы функция іске қосылса, қалтадағы файл қайталап ойнатылады. Қайталап ойнату тоқтатылса да, файл атауы алдыңғы файл атауына ұқсас болса, ойнату жалғаса береді.

Кодтық бет	Қолдау көрсетілетін тілдер
1-латын тілі	Ағылшын, испан, француз, неміс, итальян, швед, фин, голланд, португал, дат, румын, норвег, албан, гаэль, уэльс, ирланд, каталан, валенсия
2-латын тілі	Босния, поляк, хорват, чех, словак, словен, серб, венгр
4-латын тілі	Эстон, латыш, литов
Кириллица	Болгар, македон, орыс, украин, қазақ
Грек	Грек
Түрік	Түрік
Korean (Корей)	Корей

ЕСКЕРТПЕ

- Субтитр файлында тек 10 000 синхронизация блогіне қолдау бар.
- Бейне ойнатылып жатқанда, **ARC** түймесін басып, сурет өлшемін реттеуге болады.
- Сіздің тіліңіздегі субтитрларға OSD мәзірі сол тілде болса ғана қолдау көрсетіледі.
- Субтитр файлдарының тіліне байланысты кодтық бет опциялары өшірілген болуы мүмкін.
- Субтитр файлдары үшін тиісті кодтық бетті таңдаңыз.

Бейне орнатыңыз. мәзірі туралы қосымша мәліметтер алу үшін, ПАРАМЕТРЛЕРДІ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ бөлімін қараңыз. Мына бетті қараңыз:42

Фотосуреттерді қарау


USB жад құрылғысында сақталған сурет файлдарын көріңіз. Экрандағы дисплейлер үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.


1 **MY MEDIA (Менің құралым)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **Photo List** (Фотосуреттер тізімі) тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 Қажетті қалтаға жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

4 Қажетті файлға жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.





Мәзір	Сипаттама
View Marked (Белгіленгенді қарау)	Таңдалған фотосурет файлын көрсетіңіз.
Mark All (Бәрін белгілеу)	Экрандағы барлық фильм файлдарын белгілеңіз.
Unmark All (Барлығының белгісін алу)	Барлық белгіленген фильм файлдарының таңдауын алаңыз.
Exit Mark Mode (Белгілеу режимінен шығу)	Белгілеу режимінен шығыңыз.

5 Суреттерді қараңыз.

Фотосурет параметрлерін пайдалану

Фотосуреттерді көру кезінде төмендегі параметрлерді пайдаланыңыз.



Параметрлер Таңдалған фотосуреттердің саны

Параметр	Сипаттама
Slideshow (Слайд көрсетілімі)	Слайд көрсетілімін таңдалған фотосуреттермен бастайды немесе тоқтатады. Егер фотосуреттер таңдалмаған болса, ағымдағы қалтада сақталған барлық фотосуреттер слайд көрсетілімі барысында көрсетіледі. Слайд көрсетілімі жылдамдығын орнату үшін **Option (Параметр)** тармағын таңдаңыз.
BGM	Фон музыкасын қосады немесе сөндіреді. Фон музыкасының қалтасын орнату үшін **Option (Параметр)** тармағын таңдаңыз. Параметрді қашықтан басқару құралындағы SETTINGS түймесі арқылы реттеуге болады.
↻	Фотосуреттерді сағат тілі бағытымен айналдырады (90°, 180°, 270°, 360°). **ЕСКЕРТПЕ** • Қолдау көрсетілген фотосурет өлшемі шектелген. Егер бұрылған еннің ажыратымдылығы қолдау көрсетілген ажыратымдылық өлшемінен үлкенірек болса, фотосуретті бұру мүмкін болмайды.
Q	Фотосуретті 2, 4 есе ұлғайту арқылы көріңіз. **ЕСКЕРТПЕ** • Ажыратымдылығы 960x540 немесе одан аз болатын фотосуреттерді үлкейтуге болады.

Параметр	Сипаттама
ENERGY SAVING	Қуатты үнемдеу мақсатында экран жарықтығын реттейді.
SETTINGS	• **Слайд жылдамдығы**: слайд көрсетілімінің жылдамдығын таңдайды (**Жылдам**, **орташа**, **баяу**). • **TransitionEffect (Өту әсері):** Слайд-шоудың көру режимін таңдаңыз. • **BGM**: фон музыкасы үшін музыка қалтасын таңдайды. **ЕСКЕРТПЕ** • Фон музыкасы ойнап жатқанда музыка қалтасын өзгерту мүмкін болмайды. • Қазір фотосуретті көрсетіп тұрған құрылғыда сақталған MP3 қалтасын ғана таңдауға болады.
BACK	Параметр терезесін жасырады. Параметрлерді көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
EXIT	**Фотосуреттер тізімі**не оралыңыз.

Фотосурет опциялары

1 **Option (Опция)** мәзірлерін көрсету үшін **SETTINGS** түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып **Set Photo View (Фотосурет көрінісін орнату)** немесе **Set Video (Бейнені орнату)** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Movie List (Фильм тізімі)** параметрінде өзгертілген опция мәндері **Photo List (Фото тізімі)** және **Music List (Саз тізімі)** параметрлеріне әсер етпейді.
- **Photo List (Фото тізімі)** және **Music List (Саз тізімі)** параметрлерінде өзгертілген опция мәні **Photo List (Фото тізімі)** мен **Music List (Саз тізімі)** ішінде өзгереді, ал **Movie List (Фильм тізімі)** ішінде өзгермейді.

Set Photo View (Фотосурет көрінісін орнату) опциясын таңдағанда,

1 **Слайд жылдамдығы, Өту әсері** немесе **BGM** опциясын таңдау мақсатында жылжу үшін жылжу түймелерін басыңыз.

2 Тиісті реттеулер жасау мақсатында жылжу үшін жылжу түймелерін басыңыз.

Transition Effect (Өту әсері) опциясы

Опция	Сипаттамасы
Sliding (Жылжу)	Ағымдағы фотосурет көлденеңінен, тігінен немесе диагоналынан жоғалып кетеді де, келесі фотосурет пайда болады. 
Stairs (Баспалдақ)	Келесі фотосурет пайда болады да, саты пішімінде ағымдағы фотосуреттің үстін жабады. 
Door Open/Close (Есікті ашу/жабу)	Ағымдағы фотосурет есіктер ашылып-жабылғандай жоғалып кетеді де, келесі фотосурет пайда болады. 
Shutter (Жапқыш)	Ағымдағы фотосурет пердені тартқандай немесе төмен түсіргендей жоғалып кетеді де, келесі сурет жайлап пайда болады. 
Fade In (Ғайып болу)	Ағымдағы фотосурет жоғалады да, келесі фотосурет жайлап пайда болады. 

Бейне орнатыңыз. мәзірі туралы қосымша мәліметтер алу үшін, ПАРАМЕТРЛЕРДІ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ бөлімін қараңыз. Мына бетті қараңыз:42


Музыка тыңдау


1 **MY MEDIA (Менің құралым)** тармағына жылжу үшін шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.

